

жатыр?» [1: 5 б.] деп пайымдайды. Бұл тұжырым арқылы жеке тұлғаның рухани дамуы тек өзін-өзі тануы арқылы ғана мүмкін екенін аңғарамыз. Бұл ойды Г.Гегельдің «Дух, который знает себя в таком развитии как духа, есть наука [2: 13 б.] көзқарасымен салыстыруға болады. Демек, адам өз болмысын терең түсінбейінше, ол өзінің ұлттық рухани мұрасымен де толық байланыса алмайды.

Адамның рухани дамуының бастауы – өзіндік сана мен өзін-өзі тану. Тұлға өзін терең түсінгенде ғана халқының рухани дүниесіне бойлап, одан нәр алады. Осы тұрғыда жеке мен ұжымдық рухтың өзара байланысы айқын: адам өзін таныған сайын, ол мәдени мұрасын да жандандырады. Өнер, тіл, дін сияқты мәдени формалар – рухтың өзін-өзі ашу жолдары. Тіл – ойдың табиғи құралы, өнер – шексіздікке ұмтылыс, дін – мәннің түпнегізін іздеу. Осы құбылыстардың барлығы рухты тек сана деңгейінде емес, нақты болмыстық формада жүзеге асырады. Рух философиясына ерекше мән берудің себебі де осында: ол адам мен әлемнің байланысын түсіндіретін әмбебап парадигма ретінде мәдениеттің онтологиялық маңызын ашады. Рух өзін танып, мәдени формалар арқылы дамыған сайын, адамзат еркіндікке жақындайды.

Рух философиясына ерекше мән беру – адамның тек әлеуметтік болмысына ғана емес, оның экзистенциалдық, онтологиялық және тарихи мәніне үнілу қажеттігінен туындайды. Демек, рух философиясы – адамның болмыстық мәнін, еркіндікке ұмтылысын және мәдениет арқылы жүзеге асатын рухани тереңдігін ашуға бағытталған ілім.

Осылайша Т.Әбжановтың ұстанымы Г.Гегель пайымдаған диалектикалық оймен ұқсас болды: тарих – еркіндікті саналы түрде тану арқылы рухтың ілгерілеуі. Т.Әбжанов үшін бұл ілгерілеу қазақ дүниетанымының дамуынан көрініс тапты – ауызекі дәстүрден философиялық жүйеге, халық даналығынан ғылыми пайымға, ата-баба жадынан қазіргі заманға дейінгі жолда тарихи сана қалыптаспақ.

Төлеуғазы Ысқақұлы Әбжановтың ұстаздық кеңестері, рух пен мәдениет жайлы тағылымы, шәкірттеріне деген сенімі мен үлгісі – мәңгі жадымызда. Оның ықпалы ғылыми еңбектерінен ғана емес, шәкірттерінің де еңбектерінен анық аңғарылады. Сондықтан Т.Әбжановтың философиялық ұстанымы адамзат тарихының шынайы мәнін құрайтын – еркіндікті саналы түрде тануға негізделген прогреспен мәңгі байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ рухының философиясы. Т.Б. Әбжанов., Сағатова Ә.С., Рақымжанов Б.Қ., Мұқыш Қ.С. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 1-кітап, 2003. - 240 б.
2. Г.В.Ф. Гегель Система наук. Часть первая. Феноменология духа. Перевод Г. Шпета. - Санкт-Петербург, Изд-во «Наука», 1992.

ӘОЖ 13.01

ФИЛОСОФИЯ МЕН ФИЛОСОФТАР: «ОЙДА САҚТАЛҒАН ДӘУІР»

Саттарова Фарид Фаттаховна

«Bolashaq» академиясы,

философия ғылымдарының кандидаты, қаумдастырылған профессор

Қарағанды, Қазақстан

Философия мен философтар туралы сөз қозғағанда Қарағандылық философия мектебінің негізін қалаған тарихи тұлғалар, даналық иелері туралы міндетті түрде айту керек. Өйткені, тарих дегеніміз, Карл Ясперс айтқандай, «шынайы болған оқиғалардың уақыттық тізбегі».

Мен 1965 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне «Физика» мамандығы бойынша оқуға түстім. Институт ректоры ғалым С.Б.Баймурзин ағай болатын. Екінші курстан бастап философия пәнінен философия ғылымдарының кандидаты, доцент, философия кафедрасының меңгерушісі, Қазақстандағы алғашқы әйел философ-ғалым болған М.С. Сагинова апай сабақ берді. Сол уақыттан бастап менің философтармен таныстығым басталды. Оқу бөлімінің проректоры, ф.с.ғ. докторы, профессор Р.А.Клещева, ф.с.ғ.д., профессор Б.К.Қасенов, ф.с.ғ.к. О.Құдышев, т.ғ.к. Қ.М.Бейсембаев, ф.с.ғ.к. О.Н.Нұрғалиев, аға оқытушы Т.Ы.Әбжанов т.б философия кафедрасының мұғалімдері болды. Философия әлеміне алғашқы қадамым М.С.Сагинованың жетекшілегімен студенттік ғылыми конференцияларға белсенді қатысуымнан басталды.

1969 жылы қызыл дипломмен оқу бітіріп, оптика кафедрасында аға лаборант болып қызмет істеп жүргенімде М.С.Сагинова апай мені іздеп келіп, философия кафедрасына оқытушы болып ауысуымды ұсынды. Ол кезде физ.ғ.к. Ж.С.Ақылбаев факультет деканы ретінде менің таңдауыма қарсылық білдірмей, ұсынысты қолдап, жаратылыстанушылардың философ болып қалыптасуына ғылымның жаңа бағытының, пәнаралық синтездің перспективасын көре білді деп ойлаймын.

Сөйтіп, кәсіби философ болып қалыптасуымда Қарағандылық философиялық мектеппен қатар, рационалдық ойлау жүйесі мен философиялық ойлау мәдениетін меңгеруде Қазақстандық диалектикалық логика мектебінің рөлі ерекше болды. Философия және философтар дегенде осы педагогикалық институттың негізінде қалыптасқан бүгінгі Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің философия және психология факультетінің де тарихи түбірі, базисі сол мемлекеттік педагогикалық институттан келген философтар мен философия кафедрасы, ал философия және мәдениет теориясы кафедрасы сол базиске негізделген рухани қондырма.

Көп жылдар кафедра меңгерушісі болған, талай жас мамандардың философиялық ойлау деңгейін қалыптастырған, ғылыми біліктіліктеріне ықпал еткен ф.ғ.д, профессор Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы деп білемін.

Философияның өзегі - көзқарас. Адам бойында, санасында әлемге деген біртұтас көзқарас қалыптастыру дүниетанымдағы ең күрделі процесс. Ол үшін қажетті мәдени-рухани құндылықтарды жасай, қабылдай және меңгере білу керек. Қазақта сол құндылықтардың ішінде ұмыт болып бара жатқан ұлттық тәрбиеміздегі этикалық мағынасы зор құндылығымыз адамдық қасиетіміздегі өнегелігі ұғымы. Халқымызда өнеге - үлгі боларлық тұлғаларымыздың бірі Т.Ы.Әбжанов ағамыз. Тұлғалық мәнін ашуда адамға қажет қасиеттер аз емес ол адамның қандай құндылықтарды таңдауына, қолданылатын өмірлік позициясының ұстанымдарына да байланысты.

«Адам ең жоғарғы құндылық, барлық заттың өлшемі» дейді грек философы Протагор. Иә, адам құндылық, ал өлшем деген ұғымның мағынасы қандай? Ол өлшем нені білдіреді?

Адам дүниенің өлшемі. Ол реалдық өмірде бар нәрсенің бар екендігінің, жоқ нәрсенің жоқ екендігінің өлшемі. Адам болмысының өлшемі. Өлшем деген ұғымды философтың тұлғалық мәнін анықтау үшін қолдансақ, ол өлшем адамгершілік пен әлеуметтік жауапкершілік. Адам өз өлшемін жаратушы, өз өлшеміне сай өлшеуші, бағалаушы болмыс.

Ғалымның рухани іс-әрекеті оның адамдық болмысының, шығармашылығының көзқарастық-когнитивтік, идеялық-құндылықтық түбірі. Сондықтан өлшем нақты мәнде өлшеу белсенділігін анықтайды. Адам санасын нақты өлшеу бірліктерінің ғана емес, адам бойындағы барлық қасиеттер мен ерекшеліктерді адамға тән белгімен, адамға тән құрастырулармен, адамға тән өнеге-үлгі тәсілмен, адамға тән түйсіну, ұғыну, түсіндіру үлгісімен қайта жасақтағанда, бір сөзбен айтқанда түсіністік философиясы қалыптасады.

Адам бойындағы ерік, рух ата-бабамыздан бүгінге дейін сақталған құндылық. Профессордың айтуы бойынша рух, ең алдымен, қазақ өмірімен оның болмысымен, шаруашылық - тұрмыстық жағдайымен, саяси әлеуметтік ахуалымен, тарихи қызметімен тығыз байланысты. Рухтың қайнар бұлағының негізі мыналар:

1. Халқымыздың бойына біткен тәлім-тәрбиелік даналығында.
2. Халқымыздың керемет бай, әрі терең ойлы асыл қазынасы- тілінде.
3. Халқымыздың басқа елдермен салыстырғандағы қайталамбас төл тума өнерінде.
4. Халық даналығындағы терең ойлы мақал-мәтелдері, аңыз әңгімелері.
5. Адамның рухани дамуына зор әсер ететін дінінде және ділінде [1,76].

Гуманистік принциптерді басшылыққа алу арқылы адамзаттың әлемдік байланыстары мен қатынастарын үйлесімді дамытуға болатындығын өзінің өмірімен, және философиялық ойлау мәдениеттілігімен айқындаған ағамыз тарихи тұлға.

Философ Аяжан Сағиқызы айтқандай: «Бүгінгі күні адам бұрынғыдан да көрі өзінің мәнін, өзінің мақсаттары мен тағайындылығын жаңаша түсінуге мұқтаж. Қазіргі кездегі адамның ерекшелігін түсіну үшін оның өткен жолын қарап шығу, оның дүниетанымы мен дүниеге қатынасының зерттеуі қажет. Өйткені қазіргі адам көптеген әлемдерде өмір сүреді, әртүрлі мәдениеттермен, дәстүрлермен кездеседі, сондықтан оның моральдық бағдарлары мен өмірлік ережелері өзгереді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды және гуманистік дүниетанымды басшылыққа алған адам адамгершіліктік ұстанымдардың қажеттілігі туралы идеяны берік ұстанып, өзінің ішкі моральдық заңын қатаң орындайды. Қазіргі қоғам гуманистік идеяларға мұқтаж, өйткені олар көп жағдайда адамның өмірін жақсартады және оған мағына береді» [2,24 б].

Философия мен философтар және олардың қоғам өміріндегі рөлі туралы мәселе бүгінгі жаһандану, ақпараттандыру заманында ғылыми өзекті проблемалар ғана емес, тереңіне үңілсек, философия мен философтардың арақатынасы философия тарихында үнемі қойылып отырған екен. Ұлы Стагирит-Аристотельдің пайымдауынша, философия еркін мақсатты көздеген қызмет, рухтың іштей бекуі, асқақтауы және оны жүзеге асыру үшін құмарлықтар, өмірлік қажеттіліктер мен шығармашылық қажет.

Немістің классикалық философы И.Канттың пікірінше, «философқа екі нәрсе: 1) оларды мүмкін болатын барлық мақсаттарға қолдану үшін талант және қолдана білу мәдениеті; 2) құралдарды белгілі бір мақсаттарға қолдану дағдысы қажет деген болатын [3,332б]. Ол философияның барлық жүйелері-ақыл - ойды қолдана білу тарихы деп тұжырымдайды.

Ал неміс философиясының шыңы В.Гегельдің ойынша, халық өзінің нақты өмірінің шетінен шығып, күйреуіне бағыт алғанда, ішкі ұмтылыс пен сыртқы қызметтің арасында алшақтық пайда болып, рух барлық тірі өмір сүруге немқұрайдылық танытқан да немесе көңілі толмағанда, адамгершіліктік өмір ыдырағанда философиялық пайымдау пайда болады және грек философтарының мемлекеттік істерден аулақ болған себебі осында жатыр [4,61б]. Бірақ, менің ойымша, грек философиясының бұл мемлекетке қатысты қыры философия мен философтардың мемлекеттен аулақ емес, керісінше, мемлекеттік құрылымға философтардың тікелей қатысуының болуы керек екендігін іштей сезініп, оны саяси-элеуметтік қажеттілік деп білуінде. Оған дәлел - Платонның «Мемлекетті философтар басқару керек» деген қағидасы. Шынына келсек бүгінгі заманда да философтардың мемлекеттік құрылысқа тікелей қатынасының болуы қажет екендігін академик Ж.М. Абдильдин дәлелдеп отыр. Сонау 1991 жылдары Қазақстанның тәуелсіздігін алған кезде мәжіліс депутаты, адам құқығының сенаторы болып қызмет атқарған академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Абдильдиннен сұхбат алған журналист ағамызға мынадай сұрақ қойды:

«Сіз саясаткер емессіз, философсыз. Мемлекет құрылымында сіздің философ ретінде атқаратын рөліңіз қандай?». Осы сұраққа ғалым ағамыз былай жауап берген еді: «Грек философы Платон мемлекетті философтар басқару керек деген. Бірақ мен бұл жерде мемлекетті басқарудан гөрі философ ретінде мемлекет құрылысының құрылымында болуға міндеттімін».

Қоғамның философия мен философтарға деген көзқарасын дәл білдірген Н.Бердяевтің пікірі: «Философтың жағдайы шыныменен трагедиялық. Оны ешкім сүймейді. Мәдениет тарихының барлық кезеңдерінде философияға деген жеккөріністілік байқалады және ол сан түрлі тараптан көрінеді. Философия мәдениеттің ең нашар қорғалған жағы. Философтар әрқашан адамзаттың шағын ғана тобы болды, олар ылғи да аз. Соған қарамастан адамдардың оларды соншалықты жақсы көрмейтіні таңқаларлық. Философия мен философтарды діннің адамдары, теологтар, шіркеу иерархиясы және қарапайым ғана сенушілер, ғалымдар және әртүрлі мамандық өкілдері, саясаткерлер мен элеуметтік қызметкерлер, мемлекет билігінің адамдары, консерваторлар мен революционерлер, инженерлер мен техниктер, артистер, қарапайым адамдар, тоғышарлар сүйейді» [5,238б].

Осы күйді кейбір жағдайларда қазіргі философия мен философтар да кешіп отырғандай көрінеді. Философияның қандай қоғамдық пән екенін білмей, кейбір ЖОО- да псевдофилософтар табылып, жүктемені толтыру үшін философиядан сағат алып, студенттерге сабақ беріп жүргендер қаншама десеңізші!? Кезінде Б.Рассел айтып еді, дін мен ғылым арасында бос кеңістік бар, ол кеңістікті толтыратын тек қана философия деп. Шынында да солай! Философияның өзегі - көзқарас, ал дүниеге біртұтас көзқарас қалыптастыратын ілім-философия» [6, 252б].

«Адам-Әлем» оның субстанцианалдық жүйесі. Негізгі зерттеу объектісі адамның рухы, санасы, ойы, адамгершілігі, өмірінің мәні мен мағынасы, адамның қоғамдағы рөлі, тұлға ретінде қалыптасуы және күрделі элеуметтік-рухани мәселелер.

ЖОО да, колледждерде философия пәнін оқытумен философ мамандарды дайындауда ұстаздардың құзыреттілігі мен кәсіби біліктілігі қажет. Өйткені И.Кант айтқандай: «философияны кездейсоқ шарлатандар емес, арнайы білімі бар мамандар оқытуы тиіс». Қазақта мынадай бір мақал бар: «Шымшық сойсаң да, қасапшы сойсын!». Бұл сөздің өзектілігі бүгінгі оқу жүйесіндегі жіберіліп жатқан, тіпті кең тараған олқылықтың бірі. Осыдан қазақ тобында орыс тілді ұстаздың философиядан дәріс оқуы, семинар жүргізуі қаншалықты орынды деген сұрақ туады!?

Кәсіби біліктілік философтың жоғары ойлау мәдениеттілігін, рационалды ойлау жүйесімен ғылыми категориалдық деңгейін қажет етеді. Философия тек қана оқытылатын пән емес, ол өзінің ерекше тілі бар, яғни ұғымдары мен категориялары, методтары мен методологиялық принциптері бар гуманитарлық білім саласы, қоғамдық сананың ерекше формасы!

Университет - рухани қоғамдық өндіріс орны. Ғылым да қоғамдық сананың ерекше формасы. Ғылым-өндіргіш күш. Ғылым-мәдени феномен. Ғылым-әлеуметтік институт. Ғылым шығармашылық - танымдық ізденіс. Ал философия-рухани іс-әрекет. Ұстаз - философқа бүгінгі ұлттық зерттеу университетінде кәсіби мамандар дайындауда, студенттерге философия пәнінен сабақ беруде рационалды ойлау жүйесі қажет. Осы орайда ұстаз оқытушылық қызмет пен ғылыми ізденіс, шығармашылық арқылы ғылыми жобалар қорғайды. Ғылыммен айналысу барысында білім сапасын арттыру жолында тиімді әдістер мен методологияны қолдана білу қажеттігі бар. Оқытушының ғылыми теориялық деңгейі, диалектикалық-логикалық ғылыми принциптерді зерттеу барысында қолдануы әлемдік ғылым өлшеміне сай болуы керек.

Жас мамандар үшін философиялық ойлау мәдениеттілігін, сұхбат мәдениетін меңгере білу керек. Ол үшін философия классиктерінің еңбектерін олардың түпнұсқасында оқып, талдау жасай білуге тырысу қажет. Кезінде Қазақстандық ғылым академиясының философия және заң институтында Асистотельдің, Платонның, Ницше мен Сартрдың, Абай мен Шәкәрімнің т.б. философтардың еңбектері бойынша методологиялық семинарлар аспиранттарға жүргізілетін. Классик философтардың еңбектерін түпнұсқасында оқымай, философ болып шығу мүмкін емес! Бұл әрбір ұстаз-философтың пешенесі, парызы!

Философиялық ойлау, сөйлеу мәдениеттілігін қалыптастыру үшін жас философтың ойын нақты, дәл, көркем жеткізе білу өте маңызды. Софистер грекия мемлекетінің азаматтарын шешендік (риторика) өнеріне ерекше баулуды мақсат етіп қойғанын философия тарихынан білеміз. Бүгінгі технологиялар заманында ауызша сөйлеудің орнын тест сұрақтары басқан, сондықтан жастарымыз ойлаудан да, сөйлеуден де кемтар болып бара жатқаны өтірік емес. Сондықтан философия мен ғылым методологиясының принциптерін білім алу үрдісінде кеңінен қолданудың қажеттігі бар. Ол принциптер (ұстанымдар): тарихилық пен логикалықтың бірлігі; абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу; рационалдық редукция; тарихи-мәдени реконструкция; нақтылық принципі; қайшылықтар принципі; пәнаралық синтез т.б. [7. 1026].

Философтарды оқыту барысында эссе жазу методын қолданудың арқасында студенттің логикалық және өзіндік ойлау қабілетін арттырып, жеке тұлғалық көзқарас қалыптастыруға бейімделеді. Аристотель, Платон, Сократ, Абай, Шәкәрім т.б ойшылдар туралы жазылған эсселер осы пікірімізге дәлел болады. Еуропалық университеттерде эссе жазу басты білімді жетілдіру әдісіне айналған.

Философияны оқытуда ерекше мәнге ие бөлім - семинар сабағы. Студент оқытушының дәрісінен бөлек интернет жүйесімен, қосымша әдебиеттермен өз тұрғысынан тақырыпқа қызығушылық таныту арқылы шығармашылық іс-әрекет жасайды. Сабақ барысында «Ассистент институты», «Философиялық скетчтер», «Философиялық жаттығулар», «Кроссворд» т.б. әдістер қолдану арқылы техникалық оқу құралдарын кеңінен қолданып, презентациялар жасайды. Бір ескертетін жағдай бар, ол презентациямен сабақ уақытын түгел алмай, оған қысқаша түсініктеме бере білу керек. Келесі бір әдіс -ол ойын мәселесі. Й.Хейзинганың «Философия как игра» деген әдісі бар, оның да өзінің нақты талаптары мен ережелері бар [8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы: Оқу құралы. -Қарағанды: КарМУ баспасы, 2003. -240 б.
2. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: Әлеуметтік мәдени негіздер. – Монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК. Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. -292 б.
3. Кант И. Трактаты и письма. – М.: Мысль 1980.
4. Гегель. Соч.Т. IX. – М.: Мысль, 2011.
5. Бердяев Н. Философия свободного духа. М.: Мысль. 1944.
6. Саттарова Ф.Ф. Рухани құндылықтардың тұлғалық – мағыналық сабақтастығы. Меңлібаев Қ.Н., Саттарова Ф.Ф. //Тәуелсіз Қазақстанның рухани құндылықтары: тарих және қазіргі заман - Монография. – Қарағанды: РИО «Болашак баспа», 2020. – 428 б.
7. Саттарова Ф.Ф. Интеллектуалды ұлт және білім беру философиясы // Қазіргі заманғы маңызды мәселелер. Халықаралық ғылыми журнал. - № 2 (48). - Қарағанды: РИО «Болашак баспа», 2018.
8. Хейзинга Й. Homo Ladens, Опыт определения игрового элемента. – М., 1992.